



030700 Қандыағаш қаласы, тр.Ақтөбе-Атырау Рф Шекарасы Автомобиль Жолы, д.4А

факс:(871333)7-50-30

факс:(871333)7-50-30

E-mail: mugroo@mail.kz mugroo@aktobe.gov.kz

E-mail: mugroo@mail.kz mugroo@aktobe.gov.kz

«14» 03 2025 жыл

№ 1-310/1

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған консультациялық пункт ашу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 1-индикаторының 5-тармағын орындау және мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата-аналарға (занды өкілдеріне) кеңес беру, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасау құзіреттілігін арттыру үшін ата-аналарға арналған консультациялық пункт қызметін ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Білім беру ұйымдарының басшыларына (мектеп директорлары, балабақша меңгерушілері):

1.1. 2025 жылдың наурыз айынан бастап меншік нысанына қарамастан барлық мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарға арналған консультациялық пункттер ашылсын.

1.2. Әрбір мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы консультациялық пункттерінің тиісті деңгейде талапқа сай жұмыс жасауы қамтамасыз етілсін.

1.3. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар басшылыққа алынсын (қоса жалғанады).

1.4. Консультациялық пункт қызметін талапқа сай ұйымдастыруға, қажетті ақпараттардың мектепке дейінгі ұйымдардың сайттарында орналастырылуына жауапты тұлғалар бекітілсін.

2. Консультациялық пункттер жұмысының нұсқаулықтарға сәйкес жүргізілуін қадағалау, әдістемелік көмек беру әдістемелік кабинетке және колл центр «Күншуақ» бөбекжай-бақшасы МКҚК (Ж.Курманова) жүктелсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің әдіскері Г.Нұрмағанбетоваға жүктелсін.

Бөлім басшысы

Б.Аманжол

